18/1-174 30.05.2026

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.Сейтжанова

«ҮЗДІК ЖАСТАР» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ 240-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Бесінші

Шымкент

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1.Нормативтік сілтемелер..... 4
2.Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....4
3.Ұйымдастыру құрылымы және сарапшылар комиссиясы.....6
4.Байқаудың мақсаттары мен міндеттері.....7
5.Байқаудың номинациялары 8
6.Үміткерлерге қойылатын талаптар.....10
7.Байқаудың өткізілу мерзімі мен кезеңдері.....11
8.Байқауға қажетті құжаттар.....11
9.Байқауды қорытындылау және аппеляция 11
10.Қатысушылар мен ұйымдастырушылардың жауапкершілігі.....12

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «Үздік жастар» байқауының ережесі (бұдан әрі — Ереже) келесі нормативтік-құқықтық актілер мен академияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

ISO 9000:2015 «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік»;

ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар»;

СТ 002-2024 «Ішкі нормативтік құжаттарды басқару»;

СТ 003-2024 «Ұйымдастыру құжаттарын басқару»;

СТ 011-2024 «Персоналды басқару»;

СТ 023-2024 «“Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы” АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары»;

К 121-2023 «Академиялық адалдық кодексі»;

Е 507-2026 «“ОҚМА” АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

Академиялық адалдық — білім беру, білім алу мен ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында шынайылық, әділдік, өзара құрмет және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды қамтамасыз ететін құндылықтар жүйесі.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары:

Адалдық – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу, жалған ақпарат пен бұрмаланған мәліметтерді ұсынудан бас тарту;

Әділдік – барлық үміткерлерге тең мүмкіндіктер беру, таныстық немесе туыстық қарым-қатынастар негізінде артықшылықтар бермеу;

Жауапкершілік – өз әрекеттеріне есеп беру, академияның заңдары мен ішкі ережелерін қатаң сақтау;

Сенім – академиялық ортада өзара сенім мен ашықтық ахуалын қалыптастыру;

Құрмет – басқа білім алушылар мен қызметкерлердің құқықтарын, заңды мүдделері мен интеллектуалдық еңбегін бұзбау;

Ашықтық (транспаренттілік) – шешімдер қабылдау мен бағалау процестерінің айқындылығы.

Жасанды интеллект (ЖИ) — адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

ЖИ жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын жеке тұлға.

ЖИ жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Стартап (Startup) жоба — инновациялық идеялар мен цифрлық технологияларға негізделген, коммерцияландыру әлеуеті жоғары жаңа бизнес-модель немесе ғылыми-тәжірибелік әзірлеме.

Дипломға дейінгі білім беру деңгейі – академиядағы бакалавриат және интернатура бағдарламалары бойынша білім алушылар корпусы.

Дипломнан кейінгі білім беру деңгейі – академиядағы резидентура және магистратура бағдарламалары бойынша білім алушылар мен жас мамандар корпусы.

IGPA (Internal Grade Point Average) – академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес есептелетін білім алушының үлгерім сапасының негізгі ішкі академиялық көрсеткіші.

ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі.

ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы.

ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі.

ЖОО - жоғары оқу орны.

3 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ САРАПШЫЛАР КОМИССИЯСЫ

3.1. «ОҚМА» АҚ байқаудың жоғары өкілетті органы болып танылады. Байқауды тікелей ұйымдастыру және өткізу Жастар саясаты бөліміне (ЖСБ) жүктеледі.

3.2. «Үздік жастар» байқауын ұйымдастыру шаралары жыл басында академияның кешенді жұмыс жоспарына енгізіліп, бекітіледі.

3.3. Байқаудың басталуы туралы ресми хабарлама іс-шара басталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей барлық деканаттарға, кафедраларға жолданып, әлеуметтік желілер арқылы білім алушыларға таратылады.

3.4. Сарапшылар комиссиясының құрамы:

- Байқауға қатысушылардың құжаттарын әділ әрі ашық бағалау мақсатында «ОҚМА» АҚ Ректорының бұйрығымен арнайы Сарапшылар комиссиясы құрылады.

- Комиссия құрамына: Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, медициналық колледж директоры, факультет декандары, ғылыми жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, комплаенс-офицер, жобаларды басқару және коммерцияландыру офисінің меңгерушісі, дене тәрбиесі орталығының меңгерушісі және ЖСБ меңгерушісі кіреді.

3.5. Құжаттарды іріктеу және Комиссияның шешім қабылдау тәртібі:

Деканаттардың ішкі сараптамасы: Байқауға қатысушы үміткерлердің құжаттары алдымен өздері білім алатын факультеттің деканатына (немесе Колледж дирекциясына) тапсырылады. Деканат жанынан құрылған ішкі жұмысшы топ үміткердің базалық талаптарға сәйкестігін, академиялық үлгерімін (IGPA) және тәртібін алдын ала сараптамадан өткізеді. Ішкі сүзгіден сәтті өткен және мақұлданған портфолиолар ғана факультет Деканының ресми жолдама хатымен бірге орталықтандырылған түрде *Б.1 қосымшасына* сәйкес тізіліммен ЖСБ-ға өткізіледі.

Сарапшылар комиссиясының отырысы оның мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда заңды деп танылады.

Деканат сараптамасынан өтіп, ЖСБ-ға келіп түскен құжаттар заманауи талаптарға сай цифрлық форматта (электронды нұсқада) және медиа-презентация түрінде Комиссияға ұсынылады.

Комиссия мүшелері әр үміткердің портфолиосын оның бағытына сәйкес осы Ережеде бекітілген **А*.1, А.2, А.3 немесе А.4 қосымшаларындағы* бағалау карталарына** сай жеке бағалап, ведомость толтырады.

Комиссияның қорытынды шешімі ашық дауыс беру арқылы, қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен жағдайда, Сарапшылар комиссиясы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Балдар тең түскен жағдайда басымдық IGPA балы жоғары үміткерге беріледі.

Комиссия шешімі ресми түрде **Б.2 қосымшасындағы үлгі бойынша Хаттамамен** рәсімделіп, қатысқан барлық мүшелердің қолдарымен бекітіледі. **Сарапшылар комиссиясы хаттамалаған шешім түпкілікті болып табылады, қайта қарауға және апелляцияға жатпайды**.

3.6. Мүдделер қақтығысын болдырмау:

Сарапшылар комиссиясының мүшесі мен үміткер білім алушы арасында тікелей мүдделер қақтығысы (жақын туыстық, ғылыми немесе спорттық жетекшілік) анықталған жағдайда, комиссия мүшесі аталған үміткерге балл қою және дауыс беру процесінен шеттетіледі. Бұл жайт отырыс хаттамасында (Б.2 қосымшасы) арнайы белгіленеді.

4 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Мақсаты: Білімді, дарынды, белсенді жастардың мәртебесін арттыру, «ОҚМА» АҚ-ның қоғамдық, ғылыми, инновациялық және мәдени өміріне зор үлес қосқан көшбасшыларды анықтау және оларды материалдық әрі моральдық тұрғыдан ынталандыру.

4.2. Міндеттері:

- Кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл, дарынды және инновациялық/стартап идеялары бар білім алушыларды анықтау;
- Білім алушылар мен академия қызметкерлері арасында академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- Үміткерлердің жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, әдепті және жауапты пайдалану мәдениетін арттыру.

5 БАЙҚАУДЫҢ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

Байқау аясында келесі номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталады:

«Үздік көшбасшы» – студенттік ортада басқарушылық қабілеті жоғары, жастар ұйымдарын жүйелі бағытқа бастай алатын лайықты білім алушы.

«Үздік жас ғалым (Дипломға дейінгі)» – ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын, олимпиадалар мен конференциялардың жүлдегері атанған бакалавриат және интернатура білім алушысы.

«Үздік жас ғалым (Дипломнан кейінгі)» – жоғары ғылыми әлеуеті бар, халықаралық рецензияланатын ғылыми дерекқорларда немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған отандық ғылыми басылымдарда мақалалары жарық көрген резидентура және магистратура білім алушысы.

«Үздік стартапшы (Дипломға дейінгі)» – академия қабырғасында немесе сыртқы инкубациялық бағдарламаларда инновациялық идеясын дамытып, алғашқы прототиптерін әзірлеген бакалавриат және интернатура білім алушысы.

«Үздік стартапшы (Дипломнан кейінгі)» – коммерцияландыру әлеуеті жоғары стартап жобаларын, медициналық немесе цифрлық өнімдерін сәтті қорғаған, патенті немесе авторлық куәлігі бар резидентура және магистратура білім алушысы.

«Үздік білім алушы» – толық оқу жылдары бойынша сабақ үлгерімі өте жақсы (IGPA жоғары), академияның қоғамдық және ғылыми жұмыстарында белсенділік танытқан білім алушы.

«Үздік бітіруші» – бітіруші курстар арасында оқу озаты, жоғары IGPA иегері және академия өміріне белсене атсалысқан үміткер.

«Үздік топ басшысы» – оқу үлгерімі жоғары, өз тобының тәртібіне, сабаққа қатысуына және қоғамдық белсенділіге толық жауапкершілікпен қарайтын көшбасшы.

«Үздік топ» – білім алушыларының оқу үлгерімі (IGPA) жоғары, сабаққа қатысу көрсеткіші мінсіз, іс-шараларға ұйымшылдықпен қатысатын ынтымақты топ.

«Үздік I курс білім алушысы» – академияға ең жоғары түсу балымен қабылданып, бірінші оқу жылының қорытындысы бойынша жоғары үлгерім мен белсенділік көрсеткен білім алушы.

«Үздік спортшы» – халықаралық, республикалық немесе ЖОО-аралық спорттық жарыстарда «ОҚМА» АҚ намысын қорғап, жүлделі орындарға ие болған үміткер.

«Үздік пікірсайысшы» – дебаттық турнирлерде жоғары зияткерлік қабілет танытып, академия атын республикалық/халықаралық деңгейде танытқан білім алушы.

«Үздік ұйым басшысы» – жыл бойы студенттік бірлестік немесе клуб жұмысын жоспарлы және нәтижелі жүргізген басшы.

«Үздік ұйым» – академия көлемінде ең ауқымды және пайдалы әлеуметтік-мәдени жобаларды жүзеге асырған студенттік ұйым.

«Үздік ерікті» – қайырымдылық, экологиялық және әлеуметтік волонтерлік жұмыстарға өз еркімен үлес қосқан білім алушы.

«Үздік медиа менеджер» – академияның ақпараттық-имидждік саясатын қолдай отырып, әлеуметтік желілерде сауатты, жедел әрі креативті контент жариялайтын білім алушы.

«Үздік студенттік декан» – факультет деңгейінде білім алушылардың құқықтарын қорғап, деканат пен студенттер арасында алтын көпір бола білген көшбасшы.

«Үздік колледж білім алушысы» – академия жанындағы медициналық колледж білім алушылары арасындағы оқу озаты әрі белсенді білім алушы.

«Академиялық адалдық көшбасшысы» – академия ортасында адалдық, шынайылық қағидаттарын белсенді дәріптеген, плагиат пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларға, комплаенс-офис іс-шараларына зор үлес қосқан және «Академиялық адалдық кодексін» мінсіз сақтаған үлгілі білім алушы.

«Шексіз мүмкіндік» (Арнайы номинация) – денсаулық жағдайына (мүгедектігіне) қарамастан оқуда, шығармашылықта, стартап немесе қоғамдық жобаларда ерекше жігерлілік пен табандылық танытқан білім алушы.

6 ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЖЕҢІЛДІКТЕР

6.1. Байқауға «ОҚМА» АҚ-ның колледж, бакалавриат, интернатура, ғезидентура және магистратура бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында білім алушы болып табылатын тұлғалар қатысуға құқылы.

6.2. Үміткерлерге қойылатын базалық біліктілік талаптары:

- Академияның ішкі тәртіп ережелерін бұзбаған, ағымдағы кезеңде тәртіптік жазалары мен студенттік әдеп бойынша ескертулері болмауы шарт;

- Үміткерлер ұсынатын мәліметтердің нақтылығына толық жауапты. Деканат сараптамасы кезінде құжаттардың толық еместігі немесе бұрмаланғандығы анықталса, өтінім ЖСБ-ға жолданбайды;

- Үміткер білім алу және ғылыми жұмыс барысында «К 121-2023 Академиялық адалдық кодексінің» қағидаттарын қатаң сақтауға міндетті. Плагиат немесе жалған мәлімет анықталса, үміткер байқаудан дереу шеттетіледі;

- Үміткер портфолио мен шығармашылық материалдарды дайындау барысында ЖИ құралдарын «Е 507-2026» ережесіне сай, түсіністікпен және жауапты түрде пайдалануға міндетті.

6.3. Инклюзивті квота мен қолдау шаралары:

- Академияның мүгедектігі бар білім алушылары байқаудың кез келген негізгі номинациясына немесе арнайы «Шексіз мүмкіндік» номинациясына қатысуға толық құқылы.

- Портфолио қабылдау кезеңінде мүгедектігін растайтын ресми анықтамасын ұсынған қатысушылардың жалпы жинаған балына тиісті бағыттағы чек-лист (А.1, А.2, А.3 қосымшалары) қорытындысы бойынша автоматты түрде **қосымша 15 балл (ынталандыру квотасы)** қосылады.

7 БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

7.1. І кезең (Наурыз): Байқау туралы хабарландыру жариялау. Үміткерлердің өтінімдері мен цифрлық портфолиоларын алдымен **факультет деканаттарында (немесе колледжде) қабылдау және ішкі сараптамадан**

өткізу. Деканат сүзгісінен өткен мақұлданған құжаттарды Жастар саясаты бөліміне (ЖСБ) *Б.1 қосымшасындағы* ресми реестрмен жолдау.

7.2. II кезең (Наурыз - Сәуір): ЖСБ-ға келіп түскен құжаттарды академиялық Сарапшылар комиссиясы мүшелерінің тиісті бағыттағы бағалау картасы (*А.1-А.4 қосымшалары)* бойынша бағалауы және жеңімпаздарды анықтауы.

7.3. III кезең (Сәуір): «Үздік жастар» байқауының қорытынбы салтанатты кешін ұйымдастыру және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі.

8 БАЙҚАУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

8.1. Байқауға қатысу үшін үміткер алдымен деканатқа, содан соң ЖСБ-ға келесі құжаттарды цифрлық форматта жолдайды:

Факультет Деканының (немесе колледж директорының) ресми жолдама/мақұлдау хаты (Деканаттың ішкі сараптамасынан өткендігінің дәлелі және *Б.1 қосымшасындағы* реестрге енуі);

- Үміткердің ресми өтініші мен байланыс мәліметтері көрсетілген түйіндемесі (резюме);
- Кафедра меңгерушісінің немесе тиісті орталық/офис басшыларының ұсыным хаты;
- Үміткердің ресми үлгерім табелі (Транскрипт — IGPA балын растау үшін);
- Марапаттау кешінің презентациясына қажетті 1 дана жоғары сапалы цифрлық фотосурет (JPEG/PNG форматында);
- Дипломдар, стартап патенттері/авторлық куәліктері, сертификаттар, ғылыми мақалалар мен алғыс хаттардың сканерленген PDF көшірмелері;
- Мүгедектігі бар білім алушылар үшін – тиісті анықтаманың көшірмесі.

8.2. Байқауға ұсынылған материалдар үміткерлерге қайтарылмайды.

9 БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

9.1. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі академия әкімшілігі мен профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен салтанатты түрде өтеді.

9.2. Жеңімпаздарға «ОҚМА» АҚ Ректорының атынан арнайы дипломдар мен статуэткалар табысталады. Сонымен қатар, академияның бюджеттік мүмкіндіктеріне қарай бір реттік ақшалай сыйақы тағайындалуы мүмкін.

10 ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10.1. Жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

10.2. Үміткерлердің жауапкершілігі:

- Үміткер байқауға ұсынылған цифрлық портфолионың, жетістіктерді растайтын құжаттардың және IGPA көрсеткіштерінің шынайылығына жеке жауапты болады.

- Құжаттардан плагиат, бұрмалаушылық немесе жасанды интеллект құралдарын әдепсіз пайдалану фактілері анықталған жағдайда, үміткер байқаудан дереу шеттетіледі.

10.3. Деканаттар мен Жастар саясаты бөлімінің (Ұйымдастырушының) жауапкершілігі:

- Факультет деканаттары үміткерлердің құжаттарын алғашқы сараптамадан сапалы, объективті өткізуге және ЖСБ-ға Б.1 қосымшасына сай уақытылы тапсыруға жауапты.

- ЖСБ байқаудың жалпы ашық, әділ және белгіленген мерзімде (Наурыз — Сәуір) өтуін үйлестіруге жауапты.

10.4. Сарапшылар комиссиясы мүшелерінің жауапкершілігі:

Комиссия мүшелері әрбір үміткердің құжаттарын *А.1-А.4 қосымшаларында* бекітілген тиісті бағалау картасына сәйкес объективті және әділ бағалауға тікелей жауапты. Комиссия шешімі *(Б.2 қосымшасы)* соңғы инстанция болып табылады және қайта қаралмайды.

Әзірлеген:

Қызметі	**Аты-жөні**
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	**Аты-жөні**
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімнің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	**Аты-жөні**
Академиялық жұмыстары жөніндегі проректор	М.У.Анартаева
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е.Аукенов
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Комплаенс-офицер	Н.А.Пернебаев